

АҚЫЛЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУГЕ АРНАЛҒАН АШЫҚ (ЖАРИЯ) ОФЕРТА ШАРТЫ

Астана қ.

2023 жыл

ШАРТ ЖАСАСУ ТӘРТІБІ, ШАРТТЫҢ ТАРАПТАРЫ

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 387, 394, 395-баптарына сәйкес бұл құжат «ҮМІТ» Халықаралық онкологиялық томотерапия орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі – Томотерапия орталығы, медициналық ұйым) жеке тұлғалардың, сондай-ақ олардың заңды өкілдерінің шектеусіз санына төменде сипатталған шарттарда ақылы медициналық қызметтер көрсету шартын (бұдан әрі – «Шарт») жасасу ниеті туралы жіберген ашық ұсынысы болып табылады:

«Азаматтарға арналған Үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Нұр-Сұлтан қаласы бойынша филиалының Тіркеу басқармасында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелген, бизнес сәйкестендіру нөмірі – БСН 160440010230, орналасқан жері – Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Алматы ауданы, Абылай Хан даңғылы, 42/1-үйі, «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Нұр-Сұлтан қаласы бойынша департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі берген медициналық қызметпен айналысуға арналған 2022 жылғы 20 қаңтарда берілген № 22000874 лицензиясы бар, бұдан әрі – **Орындаушы** деп аталатын, Жарғы негізінде әрекет ететін директоры Шаяхметов Ержан Мұхатаевич тұлғасында «ҮМІТ» Халықаралық онкологиялық томотерапия орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Шарт тараптары медициналық ұйым және өз мүдделері немесе өзге тұлғаның мүдделері үшін Шартты жасасуға (бұдан әрі мәтін бойынша - «**Тапсырыс беруші**») өтініш берген құқыққа қабілетті және әрекетке қабілетті жеке тұлға, сондай-ақ олардың заңды өкілдері (бұдан әрі мәтін бойынша - «**Пациент**») болып табылады.

Тапсырыс берушінің офертамен танысуы оның қолданыстағы редакциясын Томотерапия орталығының <https://tomo.kz/> және <https://onkoclinic.com/> сайттарында және/немесе Томотерапия орталығының Тіркеу орнында орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

Осы оферта шарттарын қабылдай отырып, Тапсырыс беруші «Жарнама туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 3-бөлігіне сәйкес ақпараттық және жарнамалық хабарламаларды смс және электрондық пошта арқылы тарату жолымен алуға келісімін береді. Тапсырыс беруші Шарттың 13-бөлімінде көрсетілген мекенжай бойынша медициналық ұйымға жазбаша түрде ақпараттық және жарнамалық хабарламаларды алуға келісімін қайтарып алуға құқылы.

Осы офертаның мәтінін мұқият оқып шығыңыз және оның қандай да бір тармағымен келіспесеңіз, сізге ұсынылған Қызметтерді пайдаланудан бас тарту ұсынылады, бұл жағдайда Шарт жасалмаған болып есептеледі.

Тапсырыс беруші/Пациент Шартқа ешқандай талаптарсыз, алып тастаусыз және ескертпелерсіз толықтай қосылу арқылы Шартты қабылдайды. Осы Офертаны толық және сөзсіз қабылдау (акцепті) Тапсырыс берушінің конклюдентті әрекеттерді жүзеге асыру болып табылады:

- call-орталық арқылы маманның қабылдауына алдын ала жазылуы;
- сайтта осы офертаның шарттарымен келісу туралы белгілерді (құсбелгілерді) қою;



- тапсырыс берушінің/Пациенттің ақылы медициналық қызметтерді көрсетуге ерікті ақпараттандырылған келісімге қол қоюы;
- медициналық қызметтерді нақты алу;
- пациентпен ақылы медициналық қызмет көрсетуге жасалған шартқа сәйкес медициналық қызмет көрсету үшін алдын ала төлем жасау.

Осы Офертаның акцепті сонымен қатар Тапсырыс берушінің/Пациенттің жеке деректерді өңдеуге және медицина қызметкерінің құпиясын құрайтын ақпаратты беруге келісімін, сондай-ақ медициналық араласу түрлеріне, соның ішінде Тапсырыс беруші/Пациент медициналық қызметтерді алу үшін дәрігерді таңдау кезінде ақпараттандырылған ерікті келісімін берген медициналық араласулардың жекелеген түрлерінің Тізіміне енгізілгендерге ақпараттандырылған ерікті келісімін беруді білдіреді.

Егер Қызметтер тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде (бұдан әрі – ТМККК) немесе басқа шарттар бойынша (Тапсырыс берушіге (Пациентке)) Шарттың талаптарына сәйкес ұсынылса, онда акцепті жасау үшін, қызметтерге алдын ала төлем жасауды қоспағанда, жоғарыда аталған барлық әрекеттерді орындау қажет.

Шарт Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 394-бабының 2-тармағы, 395-бабы, 396-бабының 3-тармағының ережелері негізінде жазбаша нысанда жасалған деп есептеледі (егер шарт жасасу туралы жазбаша ұсыныс конклюденттік әрекеттермен жасалған акцепт жолымен қабылданған болса, шарттың жазбаша нысаны сақталды деп есептеледі).

Шарт Тапсырыс берушінің Қызметтерге әр өтініш берген сайын жасалады. Шарт бойынша қызметтер бірнеше рет көрсетілуі мүмкін.

Бұл Оферта Томотерапия орталығы тарапынан кез келген уақытта біржақты тәртіппен өзгертілуі мүмкін. Мұндай өзгерістер Тараптар үшін тек болашақта ғана күшіне енеді.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Шарт жария оферта шарты болып табылады және ақылы медициналық қызметтерді (бұдан әрі – Қызметтер), сондай-ақ телемедицина құралдарын қолдана отырып көрсетудің барлық маңызды шарттарын қамтиды.

1.2. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде немесе басқа шарттар бойынша медициналық қызметтерді көрсету осы шарттың мәні болып табылмайды.

1.3. Осы шарттың шарттары барлық Тапсырыс берушілер/Пациенттер үшін бірдей.

1.4. Тапсырыс берушінің/пациенттің Офертаны қабылдауы (акцепті) Шарттың барлық ережелерімен сөзсіз келісімін білдіреді және Қазақстан Республикасының АҚ 387-бабына сәйкес ақылы медициналық қызметтерді көрсетуге ашық (жария) оферта шартын жасасуға тең.

1.5. Осы шарттың талаптарын толық және сөзсіз қабылдаудың (акцептің) дәлелі, сондай-ақ шарттың жасалған күні Пациенттің шарт талаптарын орындау бойынша іс-әрекеттерді жүзеге асыруы, атап айтқанда медициналық қызметтерге (қызметтер), медициналық араласуға ақпараттандырылған ерікті келісіміне қол қоюы және/немесе оларға төлем жасауы болып табылады.

1.6. Осы жария оферта шарты белгісіз мерзімге жасалады.

2. ШАРТТЫҢ МӘНІ

2.1. Орындаушы Тапсырыс берушінің өтініші негізінде оған немесе ол өкілі болып табылатын тұлғаға (Пациентке) белгіленген тәртіппен бекітілген және Қызметтерді көрсету кезінде қолданыстағы (Бағалар прејскуранты Томотерапия орталығының Тіркеу орнында жарияланған) медициналық қызметтердің баға прејскурантына сәйкес ақылы медициналық

консультациялар және басқа да ақылы медициналық қызметтерді (Қызметтерді) көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтерді қабылдауға және төлеуге, көрсетілетін қызметтер құнын уақытылы төлеуге және медициналық қызметтерді сапалы көрсетуді қамтамасыз ететін Клиника мамандарының талаптары мен ұсыныстарын орындауға, оның ішінде осыған қажетті ақпаратты ұсынуға міндеттенеді.

Қызметтерді көрсету медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесіне енгізілген немесе Қызметтерді көрсету оларды алу мүмкіндігін қарастыратын басқа шарттарға енгізілген жағдайда, мұндай Қызметтер үшін төлемді тиісті ұйым немесе Медициналық ұйыммен жасалған келісімдер негізінде басқа ұйым жасайды.

Шартты өз пайдасына жасаған Тапсырыс беруші Пациент болып табылады - бұдан әрі Шарт мәтінінде көрсетілген тұлға Тапсырыс беруші (Пациент) деп аталады.

2.2. Орындаушы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте берілген қолданыстағы рұқсат құжаттарына және Қазақстан Республикасында денсаулық сақтау туралы қолданыстағы нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес Орындаушының нақты орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Астана қ., Алматы облысы, Абылай Хан даңғылы, 42/1-үйі мекенжайында медициналық қызметтерді, сонымен қатар телемедицина құралдарын пайдалана отырып көрсетуге міндеттенеді.

2.3. Орындаушы медициналық қызметті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырады.

2.4. Орындаушы Тапсырыс берушіге (Пациентке) Дәрігердің нұсқауларын(ұсынымдарын), оның ішінде тағайындалған емдеу режимін сақтамау көрсетілетін қызмет сапасын төмендетуі, оны уақытында аяқтауды мүмкін етпеуі немесе Пациенттің денсаулық жағдайына теріс әсер етуі мүмкін екендігі туралы хабарлайды.

2.5. Қызметті көрсету нәтижелері бойынша Орындаушы медициналық қорытынды жасайды. Медициналық қорытынды – Қызмет көрсету нәтижелері бойынша дәрігер ресімделген қағаз және/немесе электрондық құжат.

2.6. Пациент жүргізіліп жатқан емдеу нәтижеге жетуге толық кепілдік бере алмайтынымен келіседі, өйткені медициналық қызметтерді көрсету кезінде және одан кейін жақын және ұзақ мерзімді перспективада әртүрлі асқынулар болуы мүмкін, сонымен қатар қолданылатын медициналық көмек технологиясы ағзаның биологиялық ерекшеліктеріне байланысты жанама әсерлер мен асқынулардың ықтималдығын толығымен жоя алмайды.

2.7. Орындаушы осы Шарт бойынша қызметтерді әкімшілік белгілейтін және Пациенттің/Тапсырыс берушінің назарына жеткізілетін жұмыс күндері мен сағаттарында көрсетеді.

3. МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР ҚҰНЫ ЖӘНЕ ТӨЛЕМ ТӘРТІБІ

3.1. Тапсырыс берушіге/Пациентке көрсетілетін ақылы медициналық қызметтердің құны пациенттің өтініш берген кезде қолданыстағы Орындаушы бекіткен ақылы медициналық қызметтердің Бағалар прейскурантына сәйкес айқындалады.

3.2. Қызметтерді көрсету толық көлемде алдын ала төленген жағдайда жүзеге асырылады. Тапсырыс беруші/Пациент Орталықтың қызметтерін оларды алғанға дейін төлеуге міндетті. Орталықтың медициналық персоналы Тапсырыс берушіге/Пациентке медициналық көмек көрсету процесінде қосымша қызметтерді тағайындаған жағдайда, Тапсырыс берушінің/Пациенттің келісімімен төлем нақты көрсетілген медициналық көмектің көлеміне сәйкес жүргізіледі. Есептеу қолма-қол ақшамен де, қолма-қол ақшасыз да Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында жүргізілуі мүмкін.

3.3. Орталық Тапсырыс берушіге/Пациентке төлем фактісін растайтын белгіленген үлгідегі құжатты береді. Қызмет көрсету нәтижелері бойынша медициналық құжаттар нақты көрсетілген Қызметтердің барлық сомасы төленгеннен кейін беріледі.

3.4. Қызмет көрсету мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда Орталық Тапсырыс берушіге/Пациентке Шарт талаптарын Тапсырыс беруші/Пациент бұзған жағдайларды

қоспағанда, төленген сома мен нақты көрсетілген қызмет құны арасындағы айырманы төлейді.

3.5. Қызметтердің құнын Орталық дербес айқындайды және Орталықтың Қызметтер преискурантында бекітіледі.

3.6. Орталықтың қызметтерін Пациенттер ақылы негізде, мемлекеттік тапсырыс есебінен немесе үшінші тұлғалардың есебінен ала алады.

3.7. Мемлекеттік тапсырыс есебінен көрсетілетін қызметтерді алған жағдайда медициналық көмек алу тәртібі Қазақстан Республикасының тегін медициналық көмектің мемлекеттік көлемі және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

4. ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ

4.1. Орындаушы:

- 1). Орындаушының лицензияларына және Қазақстан Республикасындағы денсаулық сақтау туралы қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес Қызметтерді көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, Тапсырыс берушілерге/пациенттерге ақылы медициналық көмек көрсетуге;
- 2). Тапсырыс берушіге/пациентке осы шарт бойынша медициналық қызметтерді көрсету мерзіміне жарамды Бағалар преискурантімен танысу мүмкіндігін беруге;
- 3). Тапсырыс берушіні/пациентті хабардар етуге:
 - кез келген қызмет түрлерін көрсету мүмкін еместігі туралы;
 - Тапсырыс берушіге/пациентке шұғыл немесе жоспарлы стационарлық емдеуді ұйымдастыру қажеттілігі туралы;
 - белгілі бір қызмет түрін көрсетудің қарсы көрсетілімдері және ықтимал теріс салдары туралы.
- 4). Тапсырыс берушіге/пациентке оның денсаулық жағдайын көрсететін медициналық құжаттамамен тікелей танысуды қамтамасыз етуге;
- 5). Ауруларды диагностикалау мен емдеудің клиникалық хаттамаларына сәйкес, осы нозологиялар бойынша клиникалық хаттамалар болмаған жағдайда – жалпы қабылданған тәсілдерге және медициналық себептер бойынша дәлелді медицинаға сәйкес медициналық қызметтерді көрсетуді қамтамасыз етуге;
- 6). Тапсырыс берушінің/пациенттің денсаулық жағдайының және оның жеке деректерінің құпиялылығын қамтамасыз етуге;
- 7). Тапсырыс берушінің/пациенттің Қызметтерді көрсету нәтижелеріне қанағаттануының максималды деңгейін қамтамасыз ету үшін барлық шараларды қабылдауға;
- 8). Медициналық қызмет көрсету кезінде ұйымның аумағында қажетті санитарлық-гигиеналық және эпидемияға қарсы тәртіпті сақтауға;
- 9). Тапсырыс берушіге/пациентке құрметпен және адамгершілікпен қарауға;
- 10). Тапсырыс беруші/Пациент осы шарттың 3-бөлімінде белгіленген тәртіппен ақшалай қаражатты енгізгеннен және төлемді растайтын құжаттарды ұсынғаннан кейін осы шартқа сәйкес толық көлемде диагностика мен емдеудің заманауи әдістерін пайдалана отырып, жоғары сапалы медициналық қызметтерді көрсетуге;
- 11). Тапсырыс берушіге/пациентке көрсетілетін медициналық қызметтердің түрлерін, көлемдерін, шығындарын, сондай-ақ одан алынған қаражатты, оның ішінде медициналық ақпараттық жүйелерді және есепке алу жүйелерін пайдалана отырып, есепке алуды жүргізуге;
- 12). Егер Қызметтерді көрсету осы Шартта көзделмеген қосымша медициналық қызметтерді көрсетуді талап етсе, Орындаушы бұл туралы Тапсырыс берушіні/пациентті хабардар етуге міндетті. Тапсырыс берушінің/пациенттің келісімінсіз Орындаушы өтеулі негізде қосымша медициналық қызметтерді көрсетуге құқығы жоқ;
- 13). ақылы медициналық қызметтерді көрсету кезінде науқастың өміріне қауіп төндіретін аса қауіпті аурулар, жағдайлар кезінде оның өміріне төнетін қауіпті жою үшін «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне

сәйкес қосымша медициналық қызметтерді көрсетуді талап еткен жағдайда, Қызметті төлемсіз көрсетуді қамтамасыз етуге;

14). Тапсырыс берушіге оның өтініші бойынша немесе оның өкіліне сенімхат бойынша белгіленген мерзімдерде Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес көрсетілетін медициналық қызметтердің (көмектің) түрлері мен көлемін көрсете отырып, шот-фактураны ұсынуға;

15). Занда белгіленген тәртіппен медициналық құжаттарды, статистикалық есеп пен есептілік нысандарын ресімдеуді, жүргізуді және сақталуын қамтамасыз етуге;

16). Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді орындауға **міндетті**.

4.2. Тапсырыс беруші/Пациент:

1) жұмыс тәртібі мен режимін айқындайтын Орталық белгілеген ережелерді сақтауға, Шарт бойынша Қызметтерді көрсету тәртібімен және шарттарымен танысуға;

2) медициналық қызметкерлерге және медициналық көмек көрсетуге қатысатын басқа да адамдарға құрметпен қарауға, сондай-ақ басқа пациенттердің құқықтарын құрметтеуге;

3). Медициналық көмек көрсететін тұлғаға Орындаушыдан тыс жердегі мамандардың алдын ала зерттеулері мен консультацияларының деректерін (болған жағдайда), сондай-ақ өзінің денсаулық жағдайы, оның ішінде дәрілік заттарды қолдануға қарсы көрсетілімдері, аллергиялық реакциялары, бұрын ауырған аурулары және тұқым қуалайтын аурулары туралы деректерді ұсынуға міндетті. Тапсырыс беруші/пациент өзінің денсаулығы туралы ақпаратты әдейі бұрмалау және/немесе жасыру қойылған диагноздың, тағайындалған емнің дұрыстығы мен қауіпсіздігіне әсер етуі және сауығу ықтималдығына әсер етуі мүмкін екенін білуі керек;

4). Медициналық ұсынымдар мен емдеуші дәрігердің ұсыныстарын уақытылы және дәл орындауға міндетті. Орталық дәрігерлерінің пікірі бойынша Тапсырыс берушінің/Пациенттің денсаулығына қауіпті азайтуға немесе жоюға болатын қызметтерден бас тартқан жағдайда медициналық көмектен бас тарту туралы тиісті қолхат беруге;

5). Медициналық көмек көрсетудің барлық кезеңдерінде дәрігермен бірлесіп жұмыс жасауға, денсаулығы нашарлаған жағдайда дереу дәрігерге хабарлауға;

6). Орталықтың мүлкіне ұқыптылықпен қарауға;

7). Шарт бойынша Қызметті алу кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Орындаушының ішкі тәртібін, емдеу-қорғау режимін, қауіпсіздік техникасы мен өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауға;

8). Шартта белгіленген Қызметті көрсету күнінен бір немесе бірнеше күн бұрын Орталыққа Қызметті немесе медициналық қызметтің бір бөлігін алудан бас тарту туралы хабарлауға;

9). Медициналық қызметтердің құнын оларды көрсету басталғанға дейін Орындаушы бекіткен Бағалар прейскурантына сәйкес осы Шарттың 3-бөлімінде көрсетілген тәртіппен Орындаушының кассасы арқылы немесе банктік аударым арқылы төлеуге.

10). Осы шарт бойынша ақылы медициналық қызметтерді көрсету тәртібімен және шарттарымен танысуға;

11. Осы Шартқа сәйкес және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді орындауға **міндетті**.

5. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

5.1. Орындаушы:

1). Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі бекіткен диагностика мен емдеудің клиникалық хаттамаларын немесе тиісті хаттамалар болмаған жағдайда олардың дәрігерлерінің тәжірибесін басшылыққа ала отырып, диагностика мен емдеуді белгілеуге бағытталған қажетті медициналық қызметтердің көлемін дербес анықтауға;

2). Қызметтерді көрсетуден бас тартуға:

- Тапсырыс берушіде/Пациентте емдік-диагностикалық шараларға қарсы көрсеткіштерді анықтаған жағдайларда;

- Тапсырыс беруші/Пациент Орталықтың ұсынымдарын, тағайындауларын орындамаған жағдайда;

- Тапсырыс беруші/Пациент қызметтердің нақты түрлерін көрсету үшін қажетті құжаттарды ресімдеуден/қол қоюдан бас тартқан жағдайда (медициналық араласуға ақпараттандырылған ерікті келісім және т.б.);

- медициналық қызметтерді қауіпсіз көрсетуді қамтамасыз ету мүмкін болмаған жағдайда;

- Тапсырыс беруші/Пациент қызметті алу үшін келмеген және/немесе белгіленген уақыттан 15 (он бес) минуттан астам кешіккен жағдайда;

3). Тапсырыс беруші/Пациент Орындаушының пікірі бойынша Тапсырыс берушінің/Пациенттің денсаулығына төнетін қауіпті азайтуы немесе жоюы мүмкін қызметтерден бас тартқан жағдайда, Тапсырыс берушіге/пациентке мұндай бас тартудың оның денсаулығы үшін ықтимал салдарын түсіндіре отырып, одан медициналық көмек көрсетуден бас тарту туралы тиісті колхат алуға;

4). Тапсырыс берушіден (Пациенттен) осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау үшін қажетті кез келген ақпаратты алуға. Тапсырыс беруші (пациент) ақпаратты ұсынбаған немесе толық немесе дұрыс ұсынбаған жағдайда Орындаушы қажетті ақпарат берілгенге дейін осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды тоқтата тұруға құқылы;

5). Тапсырыс беруші/Пациенттің Орталық көрсеткен Қызметтер үшін берешегі болса, толық төлемге дейін қызметтерді одан әрі көрсетуді тоқтата тұруға;

6). Жеке қорғаныс құралдарын: респираторлық инфекциядан қорғауға арналған бір рет қолданылатын маскалар пайдалануды талап етуге;

7). Пациенттің жеке деректерін сақтауға және өңдеуге, оларды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз қалауы бойынша пайдалануға;

8). Осы Шарт бойынша Қызметтерді көрсеткені үшін сыйақы алуға;

9). Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес осы Шарт бойынша Қызметтерді көрсетуге қажетті лицензиялары бар басқа медициналық ұйымдарды өз қалауы бойынша тартуға **құқылы;**

5.2. Тасыпыс беруші/Пациент:

1). Орталық қызметкерлерінің және медициналық көмек көрсетуге қатысатын басқа да тұлғалардың құрметті қатынасына;

2). Өзінің емдеуші дәрігерінің және оған медициналық көмек көрсетуге тікелей қатысатын басқа да адамдардың тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, жұмыс тәжірибесі және біліктілік деңгейі туралы ақпарат алуға;

3). Емдеуші дәрігерді таңдаға, сәйкес балама болған жағдайда басқа дәрігерге ауыстырылуға;

4). заңнамалық актілерге сәйкес медициналық араласуға ерікті ақпараттандырылған келісім беруге;

5). Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, медициналық араласудан бас тартуға немесе оны тоқтатуды талап етуге. Мүмкін болатын салдарларды көрсете отырып, медициналық араласудан бас тарту медициналық құжаттармен ресімделеді және оған Тапсырыс беруші/Пациент немесе оның заңды өкілі, сондай-ақ медицина қызметкері қол қояды;

6). Өзіне қолжетімді нысанда өзінің денсаулық жағдайы туралы қолда бар ақпаратты, оның ішінде тексеру нәтижелері, аурудың болуы, оның диагностикасы мен болжамы, емдеу әдістері, олармен байланысты қауіптер, емдеудің ықтимал нұсқалары, медициналық араласу, олардың салдары мен емдеу нәтижелері туралы ақпаратты алуға, сондай-ақ оның денсаулығының жай-күйі туралы мәліметтер берілуі мүмкін адамдарды таңдауға;

7). Медициналық көмекке жүгінген және оны алған кезде өзі берген мәліметтердің, сондай-ақ медициналық құпияны құрайтын өзге де мәліметтердің құпиялылығына;

8). Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілген емнің сапасына және дәрігерлік тағайындаулардың негізділігіне сараптама жүргізуге;

9). Орындаушыдан оның денсаулығының жай-күйіне, ұсынылған диагностика мен емдеу әдістеріне, егер бұрын ұсынылған түсініктемелер оған түсініксіз болса, қосымша түсініктемелерді талап етуге.

10). Осы Шартқа сәйкес Орындаушыдан қызметтер алуға;

11). Кез келген уақытта Орындаушы ұсынатын қызметтердің барысы мен сапасын оның қызметіне кедергі келтірмей тексеруге **құқылы**;

6. ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ ШАРТТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ

6.1. Дәрігерлердің қабылдауы алдын ала жазылу, сондай-ақ Томотерапия орталығының тіркеу орнымен немесе байланыс орталығымен келісім бойынша алдын ала жазылусыз жүзеге асырылады. Қабылдаудың ұзақтығы дәрігердің мамандануына және қабылдау түріне (бастапқы/қайталанатын, қабылдау/тексеру, басқа қызметтер) байланысты: қабылдау ұзақтығы 30 (отыз) минуттан 60 (алпыс) минутқа дейін (ішінде) болуы мүмкін (бұл диапазон шегінде әрбір нақты тағайындаудың қажетті ұзақтығын клиникалық жағдайдың күрделілігіне байланысты дәрігер анықтайды). Диагностикалық зерттеулердің ұзақтығы зерттеудің нақты түріне байланысты және 90 жұмыс күніне дейін болуы мүмкін. Қабылдау күн сайын Орталықтың жұмыс уақытында бос уақытқа, кез келген күнге (Орталықтың жұмыс уақыты мен нақты дәрігердің жұмыс кестесіне сәйкес) жүргізіледі.

6.2. Барлық кіріс қоңырауларды байланыс орталығы өңдейді. Байланыс орталығы операторларының негізгі міндеттері: ұсынылатын қызметтер бойынша кеңес беру, пациенттер үшін ең қолайлы кездесу уақытын таңдау, өз құзыреті шегінде Орталық жұмысына қатысты барлық қызықтыратын сұрақтарға жауап беру. Байланыс орталығының операторларымен барлық сөйлесулер жазылады.

6.3. Қабылдауға веб-сайт арқылы жазылу жағдайында (мүмкіндігінше) пациент онлайн режимінде қабылдауға өтініш беру үшін веб-сайтта нысанды толтыруы және қабылдауды растау үшін байланыс орталығының операторының қоңырауын күтуі керек. Егер байланыс орталығының жұмыс уақытында 24 (жиырма төрт) сағат ішінде өтінім расталмаса, онда техникалық ақау орын алған болуы мүмкін және өтінімді қайта жіберу немесе телефон арқылы байланыс орталығына қоңырау шалу қажет. Толық ақпаратты байланыс орталыққа қоңырау шалу арқылы, сондай-ақ қабылдау бөлмесінде алуға болады.

Орталық онлайн тіркеу қызметтерінің және басқа да медициналық агрегатор сайттарының қызмет көрсету мүмкіндігі мен сапасына жауапты емес.

6.4. Пациент Орталыққа жұқпалы аурумен жүгінген және жұқпалы аурудың алғашқы диагнозы немесе оған күдік анықталған жағдайда, Пациент мамандандырылған медициналық мекемеге жіберіледі.

6.5. Орталық дәрігерлерінің науқастарды қабылдауы кестеге сәйкес жүзеге асырылады. Дәрігерлердің кестелері әртүрлі болуы мүмкін. Дәрігерлердің қабылдау жиілігі мен жүйелілігін Орталық ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес белгілейді. Дәрігер басқа науқасқа шұғыл медициналық көмек көрсету үшін Пациенттерді қабылдауды тоқтатуға құқылы.

6.6. Орталық егер Пациент белгіленген уақыттан 10 (он) минуттан астам кешігіп қалса, Тапсырыс берушіге/Пациентке алдын ала жазылу болған жағдайда да, Қызметтерді көрсетуден бас тартуға құқылы. Дәрігер пациенттің алдында жазылған пациентке медициналық көмек көрсетуді аяқтау қажет болған жағдайда, Пациенттің алдын ала жазылуын кейінге қалдыраға алады, бірақ 30 минуттан аспайтын мерзімге. Жағдайы неғұрлым ауыр науқасты қарау қажет болса, сондай-ақ респираторлық инфекциялық аурумен ауыратын науқаспен басқа пациенттердің байланысын азайту үшін дәрігер алдын ала жазылу болған жағдайда да кезектің ретін ауыстыра алады.

Дәрігердің қабылдауын оның денсаулығына немесе Тараптарға байланысты емес басқа да жағдайларға байланысты болдырмау жағдайда Орталық бұл туралы дәрігерге жазылған Тапсырыс берушіге/пациентке дереу хабарлайды.

6.7. Тәртіпті және қауіпсіздікті сақтау және Қызмет көрсету сапасын бақылауды қамтамасыз ету үшін Орталықтың залдарында, дәліздерінде және кеңес беру бөлмелерінде уәкілетті орган бекіткен Пациенттер мен медицина қызметкерлерінің құқықтарын қорғауды

қамтамасыз ету мақсатында медициналық ұйымдарда қолданылатын техникалық бақылау құралдарын, байқау және тіркеу аспаптарын, фото-, бейнеаппаратураларды қолдану қағидаларын а сәйкес бейнебақылау жүргізіледі ол туралы тиісті ескерту бар.

6.8. Орталыққа бару Тапсырыс берушінің/Пациенттің Орталықтың ішкі тәртіп ережелерін сақтауын қамтамасыз етеді.

6.9. Пациент белгіленген уақыттан 15 (он бес) минут бұрын келуі керек, медициналық құжаттаманы қалыптастыру үшін өзімен бірге жеке басын куәландыратын құжаты болуы керек. Бұл ретте «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығына сәйкес Пациент немесе оның өкілі өзінің жеке деректерін ұсынуы тиіс: Т.А.Ә., ЖСН, жасы, тұрғылықты мекенжайы және байланыс телефоны – Орталыққа барған кезде де, қабылдау кезінде де.

6.10. Келісілген уақытта кездесуге келу мүмкін болмаған жағдайда, Тапсырыс беруші/Пациент Қызметті көрсету күнінен бір немесе бірнеше күн бұрын Орталыққа телефон арқылы хабарлауға міндеттенеді. Әрбір Пациент үшін кездесуге сәйкес белгілі бір қабылдау уақыты бөлінеді. Қабылдауға кешігу немесе тоқтату көрсетілетін қызметтің сапасын төмендетуі және келесі пациенттің қабылдауын кешіктіруі мүмкін. Егер Тапсырыс беруші/Пациент қабылдаудан бас тартпаса, сонымен қатар дәрігердің қабылдауына келмесе, Орталық мұндай Пациентті тек алдын ала төлеммен қайта қабылдау құқығын өзіне қалдырады.

6.11. Науқас дәрігердің кабинетіне шақыру бойынша кіреді. Қабылдау жүріп жатқан кезде дәрігердің бөлмесіне шақырусыз кіруге тыйым салынады.

6.12. Орталыққа барған кезде Пациент және онымен бірге жүретін адамдар Орталықтың мүлкіне қамқорлық жасауға міндетті. Мүліктің кез келген түріне зақым келген жағдайда (жойылған, бүлінген, бүлінген және т.б.) кінәлі тұлға Орталыққа келтірілген зиянды талап қойған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өтейді. Пациент келіспеген жағдайда Орталық заңнамада белгіленген тәртіппен кінәлі тұлғадан өтемақы өндіріп алуға құқылы.

6.13. Тапсырыс беруші/Пациент медициналық персоналдың кеңестерін, ұсыныстарын және тағайындауларын бұзған жағдайда, Орталық осы бұзушылықтар анықталған кезден бастап, егер Қызметтерді көрсетуді тоқтату Пациенттің өмірі мен басқалардың денсаулығына қауіп төндірмесе, Шартты орындаудан бас тартуға құқылы. Бұл ретте нақты көрсетілген қызметтердің құны қайтарылмайды және Орталық Пациенттің денсаулығының ықтимал нашарлауына жауапты емес.

6.14. Тапсырыс берушінің/Пациенттің дұрыс емес мінез-құлқы көрсетіп, медициналық персоналдың атына дөрекі мәлімдемелер жасаған жағдайда, Тапсырыс беруші/пациент алкогольдік немесе есірткілік күйде болса, Орталық егер бұл оның өміріне қауіп төндірмесе, пациентті бақылаудан және емдеуден бас тартуға құқылы.

Ілесіп жүретін адамдардың (пациенттің заңды өкілдерінен басқа) кабинетте болуына емдеуші дәрігердің рұқсатымен және қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, дәрігердің барлық талаптары мен нұсқауларын орындаған жағдайда ғана жол беріледі. Орталық аумағында, сондай-ақ Орталықтың кез келген үй-жайларында алкогольдік ішімдіктерді ішуге, темекі шегуге, сана мен мінез-құлықтың өзгеруіне әкелетін басқа да препараттарды қабылдауға, қатты сөйлеуге, шу шығаруға, есіктерді тарсылдатуға, қабылдау және шаралар жасау кезінде ұялы телефонмен сөйлесуге, Орталық қызметкерлеріне немесе Орталықта жүрген басқа адамдарға дөрекілік танытуға немесе басқа адамдардың көзінше олармен дауласуға, коқыс пен аяқ киім жамылғыларын еденге тастауға, Орталықтың ішінде жүгіруге қатаң тыйым салынады.

6.15. Заңсыз әрекеттердің салдарынан денсаулығына зиян келтірілді деп санауға жеткілікті негіздер бар пациенттер Орталыққа жүгінген жағдайда, Орталық ақпаратты медициналық ұйымның орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарына береді.

6.16. Орталықтың үй-жайларында тазалық пен тәртіп ақталуы тиіс. Қоқыстарды, пайдаланылған жеке гигиеналық құралдарды тек қоқыс жәшіктеріне тастау керек, пайдаланылған аяққап Орталықтан шыға берісте орналасқан арнайы қоқыс жәшігіне салынады.

6.17. Шартта белгіленген тәртіп ережелерін сақтамаған жағдайда Орталық қызметкерлері Тапсырыс берушіге/Пациентке қызмет көрсетуден бас тартуға құқылы.

6.18. Пациенттің диагнозы, ағзасының жай-күйі, емдеу және алдын алу бойынша ұсынымдар мен тағайындаулар туралы ақпаратты қамтитын Пациенттің денсаулық жағдайы туралы медициналық қорытындылар Орталықтың меншігі болып табылады. Тапсырыс беруші/Пациент осы медициналық қорытындыларды басқа медициналық ұйымдардың медицина қызметкерлеріне медициналық көмек алу мақсатында беруге құқылы, Тапсырыс беруші/Пациент Пациенттің медициналық қорытындыларының бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде және желілік байланыс қызметтерінде жарияламауға, сондай-ақ, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Орталықпен алдын ала жазбаша келісімсіз үшінші тұлғаларға көрсетпегуге міндеттенеді.

7. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

7.1. Осы шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен жауапты болады.

7.2. Орталық келесі жағдайларда жауапты емес:

- Тапсырыс беруші/Пациент Шарт талаптарына сәйкес өзінің денсаулығы туралы толық емес және (немесе) анық емес мәліметтерді ұсынған немесе медициналық көрсеткіштермен туындаған жағдайларда медициналық қызметтерді көрсету сапасы үшін;

- Тапсырыс берушінің/Пациенттің денсаулығына келтірілген зиян үшін немесе оның жазылу фактісінің болмауы үшін, егер де жоғарыда аталған оқиғалар Тапсырыс берушінің/Пациенттің медициналық тағайындауларды бұзуы нәтижесінде болған жағдайда;

- Пациенттің денсаулығын нашарлатуға бағытталған әрекеттерді жасағаны үшін;

- Тапсырыс берушінің/пациенттің талап етуі бойынша қызметтерді медициналық көрсетілімдерсіз көрсеткені үшін;

- Пациенттің келмеуіне немесе емдеуді жалғастырудан бас тартуына байланысты емдеу жоспары орындалмаса;

- бұрын байқалмаған аллергияның немесе қолдануға рұқсат етілген дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарға төзбеушіліктің пайда болуы;

- Орталық Қызметтерді көрсеткеннен кейін үшінші тұлғалардың медициналық араласуы;

- егер Тапсырыс берушіге/пациентке бұл жағдайда іс жүзінде көрсетілген Қызметтер тиімсіз болуы мүмкін екендігі туралы ескертілген болса, Тапсырыс берушінің/Пациенттің емдеуді жалғастырудан ақпараттандырылған бас тартуы;

- жалпы емделуден немесе жекелеген медициналық араласудан бас тартуымен байланысты Пациент денсаулығының одан әрі жай-күйіне, сондай-ақ асқынулардың пайда болуына;

- дәрілік заттар мен препараттардың өндірушісі дәрілік заттар мен препараттардың аңдатпасында көрсеткен жанама әсерлердің осы дәрілік заттар мен препараттарды қолдану салдарынан пайда болуына.

7.3. Тапсырыс беруші/Пациент Орталықтың нақты көрсетілген медициналық көмектің көлемі бойынша шығындарын уақытылы өтемегені үшін жауапты болады.

7.4. Пациент медициналық персоналдың ұсынымдары мен талаптарын 2 (екі) немесе одан да көп рет орындамаған жағдайда Орталық Шартты бұзу күні туралы Тапсырыс берушіге/Пациентке хабарлама жібере отырып, соттан тыс бір жақты тәртіпте Шартты бұзуға құқылы.

7.5. Тапсырыс беруші/Пациент Шарттың 2-бөлімін бұзған жағдайда Орталық Тапсырыс берушіден/Пациенттен кешіктірілген әрбір күн үшін Қызметтер құнының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлеуді талап етуге құқылы.

7.6. Орталық қызметтерді көрсету бойынша бұзушылықтар жағдайларына жауапты болады:

- 1) Қызметтерді тиісті көлемде және сапада көрсетеу;
- 2) Пациент ақылы қызметтерді көрсетуге келісім бермеген жағдайда, Тапсырыс берушіден/Пациенттен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне енгізілген қызметтер үшін Тапсырыс берушіден ақы алу;
- 3) Бір қызметті көрсеткені үшін қосарланған төлемді алу (Тапсырыс беруші \Пациент және бюджет қаражаты есебінен).

7.7. Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады, егер бұл орындалмау форс-мажорлық немесе басқа да осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға кедергі келтіретін форс-мажорлық жағдайлардың (табиғи зілзалалар, эпидемиялар, соғыс қимылдары, ереуілдер, құзыретті органдардың тиісті шаралар қабылдауы және т.б.) салдарынан болса.

7.8. Медицина және (немесе) фармацевтика қызметкерлерінің заңды қызметіне кедергі келтіргені, карантин режимін, санитарлық ережелер мен гигиена нормаларын бұзғаны, Қазақстан Республикасындағы қоғамдық тәртіп пен адамгершілікке нұқсан келтіретін әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін ҚР ӘҚБК-ның 80-1-бабы, 434-бабы, 441-бабының 1-бөлімі және ҚР ҚК-нің 304-бабына сәйкес жазалар мен жауапкершілік көзделген.

8. ФОРС-МАЖОР

8.1. Тараптар Шарт талаптарын орындамау форс-мажорлық жағдайлардың салдары болса, жауапты болмайды.

8.2. Орталық, егер Шартты орындаудың кешігуі форс-мажорлық жағдайлардың салдары болып табылса, оның талаптарын орындамау салдарынан тұрақсыздық айыбын төлеу немесе Шартты бұзу үшін жауапты болмайды.

8.3. Шарттың мақсаттары үшін «форс-мажор» Тараптардың бақылауынан тыс және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай жағдайлар мыналарды қамтуы мүмкін, бірақ олармен шектелмейді: табиғи апаттар, эпидемиялар, соғыс қимылдары, ереуілдер, құзыретті органдардың тиісті шешімдер қабылдауы және т.б.

8.4. Форс-мажорлық жағдайлар туындаған жағдайда Орталық бір немесе бірнеше жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге/Пациентке осындай жағдайлар мен олардың себептері туралы хабарлама жіберуге міндетті.

8.5. Тапсырыс берушіден/Пациенттен басқа жазбаша нұсқаулар алынбаса, Орталық негізділігіне қарай Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдайларға тәуелсіз Шартты орындаудың баламалы жолдарын іздейді.

9. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ

9.1. Тапсырыс беруші/Пациент Орталық ұсынатын қызметтерді алу үшін Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінің, «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңының ережелеріне сәйкес Орталыққа өзінің жеке мәліметтерді (оның ішінде: тегі, аты, әкесінің аты, туған күні, жеке басын куәландыратын құжат, жеке сәйкестендіру нөмірі, тіркеу және тұрғылықты мекенжайы, байланыс деректері және т.б. деректер) ұсынады және Орталық қызметкерлерінің өзінің жеке деректерін, сондай-ақ Пациенттің денсаулығына қатысты арнайы дербес деректерін өңдеуге келісімін береді. Көрсетілген келісім жоғарыда аталған мақсаттарға қол жеткізу үшін қажет Пациенттің жеке деректеріне қатысты кез келген әрекеттерді жүзеге асыру үшін беріледі, мыналарды шектеусіз қоса: жеке деректерді жинау, жүйелеу, жинақтау, сақтау, нақтылау (жаңарту, өзгерту), пайдалану, тарату (беруді қоса

алғанда), иесіздендіру, бұғаттау, жою, сондай-ақ қолданыстағы заңнамаға сәйкес жеке деректермен кез келген басқа әрекеттерді жүзеге асыру. Дербес деректерді өңдеуді Орталық мынадай тәсілдермен жүзеге асырады: автоматтандыру құралдарын пайдалана отырып, дербес деректерді өңдеу, автоматтандыру құралдарын қолданбай дербес деректерді өңдеу (автоматтандырылмаған өңдеу).

9.2. Тараптар Шартты орындау барысында алынған ақпаратқа қатысты құпиялылықты сақтауға міндеттенеді.

9.3. Орындаушы Пациенттің медициналық көмекке жүгінгені, оның денсаулық жағдайы, диагнозы және оны тексеру және емдеу кезінде алынған басқа да мәліметтер туралы (медициналық қызметкердің құпиясы) құпия ақпаратты сақтауға міндеттенеді.

9.4. Пациенттің немесе оның заңды өкілінің келісімімен медициналық қызметкердің құпиясын құрайтын мәліметтерді Пациентті тексеру және емдеу мүддесі үшін басқа адамдарға, оның ішінде лауазымды тұлғаларға беруге рұқсат етіледі.

9.5. Пациенттің немесе оның заңды өкілінің келісімінсіз медициналық қызметкердің құпиясын құрайтын мәліметтерді беруге жағдайына байланысты өз еркін білдіре алмайтын Пациентті тексеру және емдеу мақсатында және Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген басқа да жағдайларда рұқсат етіледі.

9.6. Пациентке Қызметтің ашық байланыс арналары арқылы көрсетілетінін хабарланады және бұл арналар жіберілетін ақпараттың құпиялылығына кепілдік бермейтінін біледі.

9.7. Тараптар осы Шартты орындау барысында екінші Тараптан алынған медициналық, қаржылық және басқа да құпия ақпаратты сақтауға міндеттенеді.

10. ШАРТ ТАЛАПТАРЫН ӨЗГЕРТУ

10.1. Шарттың талаптарын Орталық біржақты тәртіппен өзгертуі мүмкін. Шартқа енгізілген өзгерістер Орталықтың интернет-ресурсында немесе Орталықтың орналасқан жері бойынша қағаз жеткізгіште жарияланады. Өзгерістер жалпыға ортақ жарияланған сәттен бастап күшіне енеді. Басылымдарда сәйкессіздіктер болған жағдайда Орталықтың тіркеу орнында орналасқан басылым басымдыққа ие болады.

10.2. Шартты бұзуға Тараптардың келісімі бойынша немесе Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген негіздер бойынша сот шешімімен жол беріледі.

11. ШАРТТЫҢ ӘРЕКЕТ ЕТУ МЕРЗІМІ

11.1. Осы жария оферта шарты мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалады және ол жария орналастырылған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар өз міндеттемелерін орындағанға немесе шартты бұзғанға дейін әрекет етеді.

12. ӨЗГЕ ШАРТТАР

12.1. Осы Шарт жалпыға ортақ шарт болып табылады, оның нысаны шектеусіз адамдардың қарауы үшін Сайтта орналасқан. Осы Шарт оны жасау туралы офертаның кіріспесінде сипатталған тәртіппен жасалады.

12.2. Осы Шарт белгісіз мерзімге жасалған. Тапсырыс беруші бас тартуға кемінде 10 (он) күнтізбелік күн бұрын басқа Медициналық ұйымды жазбаша хабардар ете отырып, осы Шартты бұзуға құқылы.

12.3. Оферта шарттарына қайшы келмей, Тапсырыс беруші/Пациент және Орындаушы ақылы медициналық қызметтерді көрсетуге шартты жазбаша екі жақты келісім түрінде кез келген уақытта жасауға құқылы, бұл жағдайда Тараптар арасындағы қарым-қатынастар жасалған шартпен реттеледі.

12.4. Пациенттің құқықтары бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші/Пациент жазбаша түрде талап-арыз (шағым) бере алады, ол тіркеу орны немесе Томотерапия орталығының веб-сайты арқылы беріледі. Талап-арызға (шағымға) жедел жауап беру үшін Пациентке байланыс телефон нөмірін қалдыру ұсынылады.

12.5. Талап-арыз (шағым) Орталыққа келіп түскен күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде қаралады. Талап-арызға (шағымға) жазбаша жауап Тапсырыс берушіге/Пациентке

ол көрсеткен мекенжай бойынша пошта арқылы жіберіледі немесе Пациенттің өтініші бойынша оған келісілген уақытта жеке тапсырылуы немесе ауызша түсіндірілуі мүмкін.

12.6. Тараптар Шарт бойынша туындайтын барлық дауларды Тараптар және/немесе олардың өкілдері арасындағы келіссөздер арқылы шешуге міндеттенеді. Осы келісімді іске асыру шеңберінде тараптар шешпеген барлық даулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

12.7. Ешбір тарап екінші тараптың жазбаша келісімінсіз Шарт бойынша өз міндеттемелерін үшінші тұлғаға беруге құқығы жоқ.

12.8. Егер Шарттың кез келген талаптары қандай да бір себептермен жарамсыз болса, мұндай жарамсыздық Шарттың күшінде қалатын қалған талаптарының жарамдылығына әсер етпейді.

12.9. Тараптардың барлық қосымша келісімдері, актілері және осы Шарттың басқа да қосымшалары оның ажырамас бөлігі болып табылады.

13. ОРЫНДАУШЫНЫҢ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ:

13.1. Тараптар Тапсырыс берушінің/Пациенттің деректемелері ретінде дәрігердің қабылдауына жазылу кезінде ол көрсеткен ақпарат қарастырылуы керектігіне сөзсіз келіседі.

13.2. Томотерапия орталығының деректемелері:

«ҮМІТ» халықаралық онкологиялық томотерапия орталығы

Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Алматы ауданы, Абылай Хан даңғылы, 42/1-үй.

БСН: 160440010230

ЖСК: KZ896017111000008471

Банк: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ

БСК: HSBKZKX

e-mail: too.umat@tomo.kz

тел.: +7 7172 95 44 84, +7 (702) 201 94 44,

+7 (777) 201 44 44

Директор: Шаяхметов Ержан Мұхатайұлы



Пациенттің ақылы қызмет көрсетуге ақпараттандырылған ерікті келісімі

Мен, пациент/заңды өкіл: _____,
(пациенттің/заңды өкілдің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))
ЖСН _____,

(медициналық ұйымның атауы)

(бұдан әрі – «Орталық») бола отырып, осымен ақылы медициналық қызметті алғанға дейін Орталық маған қолжетімді нысанда Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 29 қазандағы № ҚР ДСМ-170/2020 бұйрығымен бекітілген Денсаулық сақтау субъектілерінің ақылы қызметтер көрсету қағидаларымен таныстырғанын растаймын, мен Орталықтың бөлімшесінде маған ақылы негізде көрсетілетін тексеру мен емдеу өз таңдауым мен қалауым бойынша жүргізілетінінен хабардармын және келісемін, мен тегін емделуден бас тартамын және көрсетілген ақылы медициналық қызметтерге, оның ішінде стационарда болуға (күндізгі) төлем жасауға кепілдік беремін, сондай-ақ мыналар туралы хабардармын:

- Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесіне сәйкес ауруханаға жатқызылу және емделу («Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 15 желтоқсандығы № 2136 Қаулысы), және медициналық көмектің тиісті түрлері мен көлемдерін ақысыз алу құқығым туралы хабардармын және ақылы емделудің пайдасына тегін емделуден өз еркімен бас тартамын;

- Орталық көрсететін ақылы медициналық қызметтердің тізбесі, ақылы қызметтерге бағалар, оларды көрсету және төлеу шарттары, нысаны мен тәртібі туралы хабардармын және ауруханаға түскен сәтте алдын ала қарау мен емдеу жоспары, негізгі/ілеспелі аурулар шеңберінде алдын ала ақы төлеу сомасы менімен келісілген, бұл ретте негізгі және қатар жүретін ауруларды тексеру, емдеу және төлеу туралы қорытынды келісім жұмыс барысында жүзеге асырылады (ауруханадан шығарылатын күні Есептер (жұмысты орындау актісі) төлемге шығарылады) және белгіленген үлгідегі медициналық құжаттамадан үзінді көшірме беріледі);

- азаматтардың жекелеген санаттары үшін ақылы қызмет көрсетудегі жеңілдіктер туралы;

- ақылы медициналық қызмет көрсетумен айналысатын медицина қызметкерлері, олардың кәсіптік білім деңгейі мен біліктілігі туралы;

- Орталық туралы ақпарат, оның ішінде Орталықтың медициналық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы туралы ақпаратты (беру күні мен нөмірі, лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрлерінің тізбесі, лицензиардың толық атауы), тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде, ақылы қызметтерде медициналық көмек көрсетуге тартылған медицина қызметкерлерінің жұмыс режимі, жұмыс кестесі туралы;

- бакылаушы органдар туралы: уәкілетті органның, астананың денсаулық сақтау саласындағы жергілікті мемлекеттік органының, медициналық қызметтер көрсету (көмек көрсету) саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелерінің, дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдар айналымы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелерінің мекенжайлары мен телефондары туралы;

- ақылы медициналық қызметтерді көрсетудің мақсаттары, сипаты, қауіп факторлары және мүмкін болатын асқынулар туралы;

- қажетті талдаулар мен зерттеулерді жинау санитарлық-эпидемиологиялық қадағалаудың қолданыстағы талаптарына сәйкес және емдеуші дәрігердің көрсетілімі бойынша жүргізілетінін және назарға алынатындардың мерзімі 10 күннен аспауы керек;

- ақылы медициналық қызметтер көрсету қағидаларында көзделген өзге де мәліметтер туралы.

Мен мынаған хабардар болдым және келісемін:

- емдеуші дәрігердің (консилиумның) көрсетілімі бойынша күрделі және қарама-қайшылықты диагностикалық жағдайларда, көрсеткіштер бойынша және сұраныс бойынша (тексеру мен емге жауап беруді бақылау және т.б.) алдын ала келісіммен және менің мүдделеріме нұқсан келтірместен көп реттік тексерулерге жол беріледі;

- Орталық мамандандырылған емдеу мекемелерінде емдеуді қажет ететін бейіндік емес аурулар (жұқпалы, психикалық және т.б.) ауруханаға жатқызылғанға дейін және емдеу кезінде анықталған жағдайда, сондай-ақ соматикалық декомпенсацияланған және басқа да тұрғылықты жері бойынша амбулаториялық емделуді қажет ететін, ақырғы асқыну сатысындағы аурулар анықталған жағдайда ақылы емдеуден бас тартуға құқылы;

- төтенше және қауіп төнген жағдайда, медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде Астана қаласындағы жедел емханаларға ауыстыру туралы, ал бас тартқан жағдайда – емхананың жедел медициналық көмек көрсететін бөлімшелеріне ауыстыру мүмкіндігі туралы;

- тексеру және емдеу кезінде денсаулығымға қауіп төндіретін күтпеген асқынулар туындаған жағдайда, кейіннен бұл туралы маған хабарлай отырып, емдеудің сипатын өзгертуге (оның ішінде хирургиялық араласу көлемін), оның ішінде оны жасаудан бас тартуға келісемін;

- Орталық дәлелді себептермен емдеуші дәрігерді қабылдау уақыты мен күніне дейін 2 (екі) сағаттан кешіктірмей телефон арқылы хабарламамен ауыстыруға құқылы, мен Орталыққа хабарлай отырып ауыстырудан бас тартуға немесе қабылдауды Орталықпен келісе отырып, басқа күнге/уақытқа ауыстыруға құқығым бар екенін растаймын, бұл жағдайларда дәрігердің ауыстырылуына байланысты Орталыққа ешқандай шағымым болмайды.

Орталықтың (ақылы медициналық қызмет көрсететін медицина қызметкерінің), оның ішінде белгіленген емдеу режимінің нұсқауларын (ұсынымдарын) сақтамау көрсетілетін ақылы медициналық қызметтің сапасын төмендетуі, оны дер кезінде аяқтауды мүмкін етпеуі немесе денсаулық жағдайына теріс әсер етуі мүмкін екендігі ескертілді. Осымен мен Орталықта алғым келетін ақылы медициналық қызмет түрлерін өз еркіммен және өз мүддеммен ешқандай мәжбүрлеусіз таңдағанымға, ақылы медициналық және өзге ақылы қызметтердің қолданыстағы преискуррантымен танысқанымға кепілдік беремін және соған сәйкес төлеуге келісемін, болашақта Орталыққа қызмет көрсеткені үшін алымдарды өндіріп алуға байланысты менде материалдық және материалдық емес талаптар болмайды.

Осы ақпараттандырылған келісімнің мәтінімен танысқанымды, түсіндірме әңгімеден кейін қол қойғанымды, оның ережелерін түсінетінімді растаймын, мен Орталықта ақылы медициналық және басқа да ақылы қызметтерді алуға және төлеуге келісімімді беремін және Орталыққа Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көлемде және тәртіппен қажетті дербес деректерімді жинауға, өңдеуге, беруге келісімді растаймын.

Бұл ақылы медициналық қызметтерді көрсетуге арналған ақпараттандырылған ерікті келісім акцент арқылы қабылданады және ақылы медициналық қызметтерді көрсетуге арналған ашық (жария) шартының ажырамас бөлігі болып табылады, оны Тапсырыс беруші/Пациент ешқандай шарттарсыз, алып тастауларсыз және ескертулерсіз тұтастай көрсетілген Шартқа қосылу арқылы қабылдайды.

Мен осы ақылы қызметтерді көрсетуге арналған ақпараттандырылған ерікті келісімнің бір данасын алдым.

_____/_____/_____
(тұтынушының/заңды өкілінің/тапсырыс берушінің қолы, Т.А.Ә.)

202__ ж. «____» _____